

**Дубекова Салтанат Бакытжановнаның 8D08104 – «Өсімдік қорғау және  
карантин» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін ұсынылған «Күздік бидайдың сары тат ауруына  
төзімділік селекциясына бастапқы материал шығарудың  
иммунологиялық негіздері» тақырыбында орындалған диссертациялық  
жұмысына**

**Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

Р/Н №	Өлшем шарттар	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі 1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</u> 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі 1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</u> 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. 1) Диссертация, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде, бюджеттік бағдарлама бойынша: BR10765017 «Селекциялық процесті қамтамасыз ету үшін, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің генетикалық ресурстарын сақтауды, толықтыруды, көбейтуді және тиімді пайдалануды зерттеу және қамтамасыз ету», жоба: «Қазақстанның АӨК өсімдік шаруашылығының бейімділігін, тұрақтылығын және өнімділігін арттыру үшін, селекцияның іргелі факторы ретінде ауыл шаруашылығы дақылдарының гендік қорын дамытудың кешенді жүйесін құру» (2021-2023 жж) бойынша жүргізілді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Зерттеу ғылымға елеулі үлесін қосатын, маңыздылығы жақсы ашилған жұмыс. Табиғат климат жағдайларының соңғы жылдардағы жиі өзгеріске үшірап отыруы, агрессивті жаңа патотиптердің пайда болуы және соған байланысты фитопатогенді популяциялардың вируленттілігінің өзгеруі, иммунологиялық бағалау және төзімділіктің жаңа көздерін анықтауга раналған зерттеу жұмысының маңызын ашып, айқындайды. Сары татқа төзімді ( <i>Russinia striiformis</i> f. sp. <i>tritici</i> ) селекцияға арналған бастапқы

			материалды қалыптастырудын, құнды сорттардың иммунологиялық әлеуетін арттыруда және жалпы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлесі зор.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> 2) орташа 3) төмен 4) өзі жазбаган	Өзі жазу принципі бойынша жұмыстың деңгейі <u>жоғары</u> . Зерттеудің негізгі нәтижелері 13 ғылыми жұмыста жарияланған: Scopus деректер базасында индекстелетін рецензияланған ғылыми жариялымдарда – 2, ҚР ЕжЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарда – 6, Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда – 4 мақала және төзімді бидай сортұлгілеріне арналған Каталог – 1 (әдістемелік ұсыныстар).
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі 1) <u>негізделген</u> 2) жартылай негізделген 3) негізделмеген	Зерттеудің өзектілігі айқын <u>негізделген</u> . Ғылыми жұмыс агрономикалық кешеніндегі өзекті мәселеге, соның ішінде селекция және түқым шаруашылығын дамытып, жақсартуға арналған еліміздің ауылшаруашылық ғылыми стратегиясына бағытталған. Диссертация күздік бидайдың аса қауіпті ауруларының бірі – сары татқа ( <i>Puccinia striiformis</i> f. sp. <i>tritici</i> ) төзімділікке бағытталған селекцияға бастапқы материалды мақсатты алу үшін иммунологиялық зерттеулерге негізделген. Селекцияға арналған бастапқы материалды мақсатты таңдаудың қажетті шарты, үнемі өзгерістегі вирулентті патотиптерге төзімділігі бойынша, жергілікті және шетелдік генотиптердің жүйелі түрде иммунологиялық бағалау болып табылады. Сары татқа төзімділік гендері бар, жана гибридті популяция қалыптастырып, құнды генотиптердің іріктеу және селекцияны бастапқы материалмен қамтамасыз ету ғылыми жұмыстың негізdemесі. Зерттеу жұмысы өзекті болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындаїды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындаїды. Зерттеу нәтижелерінің селекция

		<p>1) <u>айқындаиды</u>      2) жартылай айқындаиды      3) айқындамайды</p>	ұрдісінде маңызы жоғары және ауру қоздырғыштарымен күресудің тиімді стратегияларын әзірлеуде пайдаланылатын болады. Жұмыс жинақталған деректердің көлемімен ерекшеленеді, қорытындылардың сенімділігін растайды.
		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді      1) <u>сәйкес келеді</u>      2) жартылай сәйкес келеді      3) сәйкес келмейді</p>	Зерттеуде қойылған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді және нақты орындалған. Зерттеу нәтижелері гылыми негізделіп, практикада қолдану үшін нақты ұсыныстар берілген.
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан      1) <u>тольық байланысқан</u>      2) жартылай байланысқан      3) байланыс жок</p>	Диссертациядағы барлық бөлімдер мен құрылымы логикалық <i>толық байланысқан</i> . Зерттеу жұмысының тараулары бір-бірімен толықтырылып, нақты бір логикалық жүйеге келтірілген, гылыми еңбектің мақсатына жету үшін өзара толық байланысқан.
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған      1) <u>сыни талдау бар</u>      2) талдау жартылай жүргізілген      3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, <i>сыни талдау бар</i> . Сортұлғілердің сары татқа төзімділігі бойынша иммунологиялық көрсеткіштері, қоздырғыш популяциясының дамуы мен тиімді Yr гендерінің динамикасы, белгілі нәтижелермен сынни талданып, бағаланған.
5.	Гылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Гылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама      1) <u>толығымен жаңа</u>      2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)      3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Зерттеу жұмысы негізінде гибридизация жүргізіліп алынған жаңа гибридтік популяцияның ауруга төзімділігі бағаланып, іріктелген. Қалыптастырылыған құнды жаңа линиялар селекцияға және Гендік қор бөліміне тапсырылған. Мұның бары ғылыми жұмыс нәтижелерінің маңызды екенін және жаңа екенін растайды.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма      1) <u>толығымен жаңа</u>      2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p>	Диссертацияның қорытындысы бойынша коллекциялық және селекциялық генотиптерге жаңа иммунологиялық сипаттама берілген, гибридизация арқылы жаңа гибридтік линиялар блогы

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	қалыптастырылып және олардан Yг гендері идентификацияланған, соңы жылдағы сары тат популяциясының динамикасы зерделеніп, оған тиімді гендер нақтыланған. Жұмыс нәтижесі толығымен жаңа.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе 1) толығымен жаңа 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ауру қоздырғыштары патотиптерінің үнемі өзгеру үрдісінде, арнайы қарқынды инфекция фонында жүргізілген мақсатты зерттеу жұмыстарының технологиялық, басқару шешімдері <i>ішінара жаңа</i> және негізделген. Фылыми жұмыстағы әр түрлі экотиптік үлгілер мен жаңа гибридтік линиялардың иммунологиялық сипаттамалары жаңа.
6.	Негізгі қорытындыла рдың негізділігі	Барлық қорытындылар фылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Фылыми жұмыстың қорытындысы сенімді фылыми нәтижелерге <i>nегізделіп</i> , дәлелденген. Зерттеу нәтижесінде алынған иммунологиялық ақпарат, дақылдың вегетациялық кезеңінде зерделеніп, нақтыланғаны жұмыста айқындалған, бұл автордың тұжырымдамасын раставиды.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме ? 1) <u>дәлелденді</u> 2) шамамен дәлелденді 3) шамамен дәлелденбеді 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма ? 1) иә 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма ? 1) <u>иә</u> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі 1) тар 2) орташа 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденбеген бе ? 1) <u>иә</u> 2) жоқ	7.1 Диссертациядағы қорғауға шығарылған қағидат фылыми жұмыс нәтижелерімен дәлелденген. 7.2 Жұмыста тривиальдік элементтер жоқ. Жұмыстағы сортұлғілердің ауруға төзімділігі қарқынды сары тат инфекция фонында, арнайы сары таттың Халықаралық питомниктерін қолданып отырып бағаланып, дәлелденген. 7.3 Будандастырып алынған жаңа линиялардағы тиімді Yг гендері молекулалық маркерлермен дәлелденген. Линиялардың сары тат популяциясына иммунологиялық көрсеткіштері соңы фылыми негізделген ақпаратпен нақтыланған. 7.4 Фылыми жұмыстың қолдану аясы кең 7.5 Жұмыс нәтижесі фылыми мақалалармен дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздерм	8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған	Иә. Зерттеу жұмыстарына негізделген әдіснама нақты жазылған. Мақсат, міндеттерді

	ен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) <u>иә</u> 2) жок	орындау үшін әрбір әдіске тиісті сілтемелер көлтірілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған 1) <u>иә</u> 2) жок	<i>Иә.</i> Жұмыс нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу, интерпретациялау әдістемелерін пайдаланып жасалынған. Компьютерлік технологиялар мен талдауларды қолдану автордың жоғары біліктілігін және ғылыми тәжірибеде озық бағдарламаларды пайдалануға деген үмтүлісін көрсетеді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді) 1) <u>иә</u> 2) жок	<i>Иә.</i> Теориялық қорытындылар, ұсыныстар, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар зертханалық және егістік жағдайдағы тәжірибелік ғылыми жұмыстармен дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеудегі мәлімдемелер, нақты ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз	Диссертациядағы әдебиеттер тізімі 223 дереккөзден тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> .
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар 1) <u>бар</u> 2) жок	<i>Бар.</i> Диссертация теориялық тұргыдан да маңызды. Ауру қоздырғыштары популяциясының қарқынды өзгеру жағдайында, алынған ғылыми ақпарат, жаңа иммунологиялық сипаттамалар жұмыстың теориялық негізін көрсетеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары	<i>Иә.</i> Жұмыстың практикалық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеу институтары, ауылшаруашылық мекемелер үшін фитопатологиялық және

		1) иә 2) жок	селекциялық практикада қолдануда өте маңызды.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады 1) <u>толығымен жаңа</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу нәтижелері бойынша берілген ұсыныстар <u>жаңа</u> . Патотиптердің агрессивті түрішілік өзгергіштікке ұшырап отыруына байланысты, зерттеу нәтижесінде бағаланған генотиптер, іріктелген гибридті линиялар, тиімді Yr гендерінің динамикасы, жалпы ауылшаруашылығындағы өнімділікті жоғарлатуға бағытталған жаңа практикалық ұсыныс.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы 1) <u>жоғары</u> 2) орташа 3) орташадан төмен 4) төмен	Ғылыми зерттеу жұмыстарының академиялық жазу сапасы <u>жоғары</u> . Тақырыптың өзектілігі, әдістемесі, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру, алынған нәтижелер мен практикалық ұсыныстар, жалпы иммунитет-селекция бағытында жазылған құнды жұмыс. Орындалған диссертациялық жұмыс ғылыми дәрежелерді беру Ережелеріне сай жазылған.
11.	Диссертацияға ескертулер	Жалпы диссертациялық жұмысты талдау барысында кемшіліктер анықталмады, сондыктan жұмысқа қатысты ескертулер жок.	
12.	Докторант мақалаларын ың зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Зерттеу тақырыбына сәйкес ғылыми деңгейі жоғары мақалалар жариялаған. Генотиптердің сары тат ( <i>Russinia striiformis</i> f. sp. <i>tritici</i> ) ауру қоздырғышына тәзімділігі, арнайы гендердің тиімділігіне, селекциялық-иммунологиялық зерттеулерге бағытталған 13 ғылыми еңбек жарияланған.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы	Дубекова Салтанат Бакытжановнаның «Күздік бидайдың сары тат ауруына тәзімділік селекциясына бастапқы материал шыгарудың иммунологиялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық	

	Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	жұмысы, селекция – иммунитет бағытындағы маңызды ғылыми жұмыс, диссертация талаптарына сәйкес орындалған және 8D08104 – «Өсімдіктерді қорғау және карантин» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынылады.
--	--	---

*Ресми рецензент:*

**«Өсімдіктердің биологиясы  
және биотехнологиясы институты»,  
молекулалы генетика зертханасының  
жетекші ғылыми қызметкері, PhD**



**А.К. Затыбеков**

Көтү  
18.05.2025-г  
куәлаңдыру